

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлаудың 2021-2022 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылғы 29 шілдедегі № 251 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 11 тамызда № 23948 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлаудың 2021-2022 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

О. Уразалин

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылғы 29
шілдедегі № 251 қаулысына қосымша

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлаудың 2021-2022 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Даярлау бағыттарының коды және сыныпталуы	2021-2022 оқу жылына мемлекеттік	Оқу жылына 1 маманды оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар құны (теңге) күндізгі оқыту	

	Білім беру саласының коды және сыныпталуы		білім беру тапсырыс көлемі	ұлттық жоғары білім беру ұйымдарында	басқа жоғары білім беру ұйымдарында
1	Бакалавр 6B01 Педагогикалық ғылымдар	6B013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	10	1 010 900	901 000
		6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	4	1 010 900	901 000
		6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	21	1 010 900	901 000
2	Бакалавр 6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6B021 Өнер	5	1 049 300	922 500
		6B022 Гуманитарлық ғылымдар	3	1 049 300	922 500
3	Бакалавр 6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	6B081 Агрономия	2	826 900	742 700
		6B082 Мал шаруашылығы	4	826 900	742 700
		6B084 Балық шаруашылығы	1	826 900	742 700
		6B085 Жерге орналастыру	1	826 900	742 700
4	Резидентура 7R09 Денсаулық сақтау (медицина)	Инфекциялық аурулар ересектердің	1	1 939 900	1 389 900
		Анестезиология және реаниматология ересектердің	1	1 939 900	1 389 900
		Педиатрия	1	1 939 900	1 389 900
		Терапия	1	1 939 900	1 389 900
		Радиология	2	1 939 900	1 389 900
		Балалар хирургиясы	1	1 939 900	1 389 900
		Эндокринология ересектердің	1	1 939 900	1 389 900
		Оториноларингология ересектердің	2	1 939 900	1 389 900
		Офтальмология ересектердің	1	1 939 900	1 389 900
		Травматология-ортопедия, балалардың	2	1 939 900	1 389 900
		Кардиология ересектердің	2	1 939 900	1 389 900
		Онкология ересектердің	3	1 939 900	1 389 900
		Жақ сүйек-бет хирургиясы ересектердің	2	1 939 900	1 389 900
		Неврология, балалардың	1	1 939 900	1 389 900

	Неонатология	2	1 939 900	1 389 900
	Онкология және гематология балалардың	1	1 939 900	1 389 900
	Акушерия және гинекология ересектердің	1	1 939 900	1 389 900
	Сот-медициналық сараптама	4	1 939 900	1 389 900
Барлығы:		80	-	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК